

## “Балалар және театр” жобасы үйірме жұмысының 2023-2024 оқу жылы бойынша қорытынды есебі

Бала және театр жоба жұмысының 2023-2024 оқу жылы бойынша жоғарғы 5-9 сыныптарға құрылған жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. Үйірме жұмысына 33 оқушы қамтылды. Оның 13 ұл, 20 қыз болып табылады.

**Жобаның мақсаты:** оқушыларға эстетикалық, көркемдік адамгершілік, азаматтық тәбие беру. Оқушылардың рухани дүниесін байытып, олардың шығармашылық қабілетін арттыру.

**Міндеті:** әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу. Жек тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру. Актерлық шеберлігін дамыт.

Кестеге сәйкес үйірме 9 айға бөлініп іс-шаралар өткізілді.

**Қыркүйек айы** бойынша “Отбасы бақыт мекені” атты байқау жарияланды. Оқушылар өз деңгейінде қабілеттерін ортаға салып, шығармашылық қабілеттерін шыңдады. 5-9 сынып арасында өткізіліп, алғыс хаттармен марапатталды.

**Қазан айында** “Ұстаз-мектеп жүрегі” атты шығармашылық кеш өтті. Ұстаздар қауымына арналып кеш өтті. Оқушылар әзіл ысқақ қойылымдарымен өз өнерлерін көрсетті.



**Қараша айында** “Сахналық этика деген не?” атты сыныптан тыс іс-шара өтті. Оқушыларды сахна этикетіне үйрету, олардың киім киісі, тұрысы, жүрісі сынды этикет сабағы өтті.

**Желтоқсан айында** “Жайдарман” көңілді тапқырлар алаңы болды. 5-9 сынып арасында жайдарман болды. Әр сыныптың дайындығы өте жоғары болды, сонымен қатар 6-сынып бас жүлдеге ие болды, 8-сынып 1 орын, 5-сынып 2 орын, 7-сынып 3 орынмен қанжылағанды. Қалған оқушылар үздік ойыншы сынды номинациялармен марапатталды.



**Қаңтар айында “Қуыршақтар театрының құпиясы”**



Ақпан айы бойынша “2 жұлдыз” атты ән байқауы өтті. Оқушылармен мұғалімдер немесе ата-аналармен шығып өз өнерлерін көрсетті.

урыз айында “ Анашым менің ардағым” сахналық көрініс өтті. Оқушылар аналарын шақырып сахналық қойылым қойып,аналарына жылы лебіздерін арнады. Сәуір айында “Талантты балалар” атты іс-шара өтті. Әр әртісті бейнелеп қойылым қойды. Күлкілі қойылымдар арқылы оқушылардың тың таланты ашылды. Және сонымен қатар «Ақтөбе – Дарын өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығынан облыстық «Тахауи тағлым» атты драммалық қойылымдар байқауында Сертификат берілді.



Мамыр айында қорытынды есеп беру кешін қойдық. “Жақсылық ізде жүректен” атты Мұрагер еріктілер клубымен бірлесе отырып қайырымдылық есеп беру кешін ұйымдастырдық. Түскен ақшаны қайырымдылыққа жұмсадық.